

Түркияның да, АҚШ-пен ЕО-ның араб аймағын өзгертуге байланысты ұстанымы бір нүктеге түйісетін сияқты. Түркия жаңа сыртқы саясаты шеңберінде Таяу Шығысты үлкен өзгерістердің басы ретінде, өзінің аймақтағы тарихи беделін қайта қалпына келтірудің мүмкіндігі ретінде көреді және келешекте аймақтың тұрақты дамуына шынайы сенеді. Түркияның алдағы жоспары осы ұстанымынан бастартпай, Еуро-Атлантикалық күштердің шектен тыс талаптарын тепе-теңдікте ұстап тұруға мәжбүр. Демек, Түркияны күрделі да жауапты кезең күтіп тұр деген сөз.

Таяу Шығыстағы «Араб көктемі» деген атпен белгілі саяси құбылыс әлі толық аяқталған жоқ. Оның нәтижелері мен салдарларын білу үшін біраз уақыт керек. Түркия тарихи және мәдени факторлардың, бүгінге дейін жүргізіп келген ұстамды саясатының арқасында Таяу Шығыс аймағындағы көшбасшылық ықпалын жүргізе береді.

1. Arab Baharı ve Türkiye. 12/06/11. [www.haberturk.com / arab-bahari-ve-turkiye-154575h.htm](http://www.haberturk.com/arab-bahari-ve-turkiye-154575h.htm)

2. Arab dünyasının değişimi ve Türkiye. 06/07/11. [www.turksam.org/tr/a2396.html](http://www.turksam.org/tr/a2396.html)

3. Arab olaylarının anatomisi. 04/05/11. [www.orsam.com.tr / org.tr.55874h.html](http://www.orsam.com.tr/org.tr.55874h.html)

4. Ortadoğudaki devrim dalgasının analizi. 16/08/11. [www.aktifhaber.com/ortadogudaki-devrim-dalgasinin-analizi-416409h.htm](http://www.aktifhaber.com/ortadogudaki-devrim-dalgasinin-analizi-416409h.htm)

\* \* \*

В данной статье автор рассматривает важность и актуальность политических изменений в странах Ближнего Востока и Северной Африки с точки зрения турецких аналитиков. Автором статьи анализируются причины политических событий, которые имели или имеют место в арабских странах, также освещается вопрос о роли Турции в этих событиях. Кроме того, детально исследуются основные факторы, которые привели к «Арабской весне», или «Арабской революции».

\* \* \*

In this article importance of the political changes in the countries of Middle East and North Africa from the point of view of Turkish analysts is considered. Author of the article researches the reasons of the political events which took place or even is taking place in arab countries and the role of Turkey in this context. Besides the main factors, which led to Arab Spring or Arab Unrests are analyzed in depth.

*К. Н. Макашева*

## ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Қазіргі әлем жаһандану кезеңі – адамзаттың ақпарат пен коммуникацияның біртұтас кеңістікке жан-жақты бірігу кезеңі, бүкіл ғаламның біртұтас экономикалық нарыққа айналу кезеңі. Бүгінгі таңда елдің бәсекеге қабілеттілігі – ғаламдық экономика мен саясатты дамытудың ең маңызды факторларының бірі. Бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткіші халық өмірінің жоғарғы деңгейі мен сапасы. Білім берудің деңгейіне, адами капиталды дамытуға, атқарушылық сапасына айрықша орын беріледі. Ерекше назар аударуды талап ететін негізгі міндеттер ЖОО-дағы білім сапасы, «бірыңғай білім беру кеңістігін» және біртұтас білім беру стандарттарын қалыптастыру мәселелері болып табылады. Бұл міндеттерді шешу мүмкіндігі – білім берудің интеграциялық шеңберінде.

1999 жылдың маусымында отыз еуропалық мемлекеттің білім министрлері Болон декларациясына қол қойды. Оның мақсаты – жоғары білім берудің еуропалық аумағын құру, сонымен қатар

жоғары білім берудің еуропалық жүйесін әлемдік масштабта белсендендіре түсу. Қабылданған Декларацияның негізгі мазмұны еуропалық үрдіс кейінгі жылдардағы табысқа жетуі нәтижесінде біршама нақты сипатқа ие болып, ЕО құрамына кіретін елдердің шынайылығына, азаматтарының сұраныстарына толық жауап беретіндігі туралы.

Болон үрдісін қалыптастыруға түрткі болған негізгі ішкі себеп – білімге негізделген қоғамды құру, білім беру жүйесіндегі түбірлі реформалар қажеттілігімен ұштасатын жаппай білім беруге өту.

Түрткі болған негізгі сыртқы себеп: білім беру бизнестің басты саласына айналу; қазіргі уақытта Еуропа елдері осы саладағы солтүстік америкалық қауіпке ұшырап, АҚШ пен Канада студенттер контингентінің біраз бөлігін өздеріне қайта бөлуде, оған Еуропа біртұтас күйде ғана жауап бере алады.

Болондық кездесуге қатысушылар өздеріне қысқа мерзім ішінде (соңғы мерзім – үшінші мыңжылдықтың бірінші онжылдығының соңына дейін)

жоғары білім берудің жалпы еуропалық кеңістігін қалыптастыруға қатысты мақсаттардың орындалуын қамтамасыз етуді және жоғары білім берудің еуропалық жүйесіне әлемдік сахнада қолдау көрсетуді міндеттеріне алды. Декларациядағы қабылданғандар төмендегідей: студенттердің ірі масштабты мобильділігін қолдаудың құралы ретінде, тиімді мобильділік жолындағы кедергілерден арылу ретінде қарастырылған дәрежелердің анық және салыстырмалы жүйесін құру (көбінесе, дипломға қосымшаны енгізу арқылы), дайындаудың екі деңгейлі жүйесіне өту: бакалавр және магистр (дипломданған маман), кредиттер жүйесін енгізу (кредиттік трансферлердің еуропалық жүйесінің типінде).

Болондық үрдіс көптеген жақта еуропалық жоғары білім беру саласындағы төңкеріс болды. Оның алғашқы бастамасын еуропалық Одақ Министрлер кеңесінің білім беру саласындағы ынтымақтастықтың бірінші бағдарламасы туралы қаулысы қабылданған 1970 жылдардың орта кезіне жатқызуға болады. Содан кейін 1998 жылы Париждегі Сорбона университетінің 800 жылдық мерекесіне қатысқан білім министрлерінің төртеуі еуропалық жоғары білім берудің сегментациясы Еуропадағы ғылым мен білімнің дамуына кедергі келтіреді деп пікір жағынан келіспеген еді. Олар Сорбона декларациясына қол қойды. Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігін құрудың ерікті үрдісіне қатысу туралы шешім бір жылдан кейін 29 ел өкілдерінің қатысуымен Болонда жасалған еді [1]. Қазір үрдіске Еуропа кеңесінің еуропалық мәдени конвенциясын (1954) ратификациялаған 49 елдің 47-сі қатысады. Үрдістің басталуының ресми уақыты болондық келісімге қол қойылған 1999 жылдың 19 маусымы болып табылады. Болон үрдісі басқа елдердің қосылуына ашық.

Ресей болондық үрдіске 2003 жылдың қыркүйегінде еуропалық елдердің білім министрлерінің берлиндік кездесуінде қосылды. 2005 жылы Бергенде Болон декларациясына Украинаның білім министрі қол қойды. 2010 жылы Будапеште Қазақстанның болондық үрдіске қосылуы туралы соңғы шешім қабылданды. Қазақстан – еуропалық білім кеңістігінің толық құқылы мүшесі ретінде мойындалған бірінші орталық азиялық мемлекет. «Қазақстанның қосылуы туралы шешімді Болон декларациясына қол қойған 46 елдің өкілдері бірауыздан қолдады. Қазақстан туы Болон үрдісіне қатысушы елдердің туларының галереясына енгізіліп, құрылды. Енді Қазақстан – еуропалық білім кеңістігінің толық құқылы мүшесі ретінде мойындалған бірінші орталық азиялық мемлекет», – деп көрсетілген баспасөз мәлідемесінде [2].

Жоғары білім беруді жетілдіру ШЫҰ интеграциялық жобаларының шеңберінде де жүзеге асырылуда. «ШЫҰ шеңберінде барлығы да гуманитарлық өлшем жайлы сенімдірек мәлімдейді» [3]. «2001 жылы құрылған ШЫҰ жылдам арада салмаққа ие болып, ықпалды аймақтық ұйымға айналды. Қазіргі таңда «ШЫҰ факторы» – бұл ұланғайыр еуразиялық кеңістіктегі тұрақтылықтың маңызды элементі. Бұл – қазіргі аймақтық және ғаламдық саясаттың шынайылығы» [4].

Қазіргі халықаралық қатынастар тарихында ШЫҰ құрылуы мен дамуы интеграциялық үрдістердің жағымды үлгісі болып табылады. Ол – қауіпсіздікке деген өзара сенім, қарусыздану, ынтымақтастық пен қауіпсіздік принциптеріне толы жаңа дүниетанымның бастамасы болып, одақ емес, серіктестік негізіндегі жаңа типті мемлекетаралық қатынастарды байыта түсіп, айрықша ерекшелігі біріккен бастама, қауіпсіздікке басымдық беру, ірі және ұсақ мемлекеттердің өзара тиімді байланысы болып табылатын аймақтық ынтымақтастықтың үлгісін көрсетті. ШЫҰ кірген мемлекеттердің жалпы территориясы 30 млн шаршы км, яғни Еуразияның 60 пайызын құрайды [5]. Оның демографиялық потенциалы жер шары халқының төрт бөлігін құрайды – 1 млрд 455 млн адам [6]. ШЫҰ-ға қайталанбас өркениеттер бірікті және олардың тығыз ынтымақтастығы әрқайсысының жекелей дами түсуінің көзіне айналады. Ғылыми күш-қуаттың интеграциялануы біздің қоғамымыздың бар саласындағы инновациялық технологиялардың дамуына ықпал етуі заңдылық.

Ресми құжаттарға сай, Шанхай ынтымақтастық ұйымының мақсаттарына халықаралық терроризммен және экстремизммен, ұйымдасқан қылмыспен, есірткі мен қару-жарақтың заңсыз айналымымен, қылмыстың басқа түрлерімен және жаппай заңсыз миграциямен бірлесіп күресу кіреді. Шанхай ынтымақтастық ұйымының мақсаттарына сондай-ақ: қатысушы елдер арасындағы өзара сенім мен тату көршілікті нығайту; саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени салалардағы, сонымен бірге білім беру, энергетика, көлік, туризм, қоршаған ортаны қоғау салаларында тиімді ынтымақтастыққа ықпал ету; аймақтағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті, тұрақтылықты бірлесіп қамтамасыз ету мен қолдау; демократиялық, әділетті тиімді халықаралық саяси және экономикалық тәртіптің құрылуына итермелеу жатады [7].

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы Орталық Азия елдеріне өзара тиімді қатынастар

үрдісі мен интеграциялық байланыстарға тек қауіпсіздік және трансшекаралық байланыстар тұрғысынан ғана емес, білім беру саласы мен социо-мәдени жобалар тұрғысынан қарауға мүмкіндік берді. ШЫҰ мүше елдері арасындағы білім беру саласындағы үйлестіру мәселесі айрықша мәнге ие болуда. Болондық үрдіс шеңберінде жоғарғы мектептер жүйесін стандарттау бағытында дами отырып, ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттер Қытайдың, Ресейдің дәстүрлі ұлттық білім беру модельдеріне сәйкес талаптар жиынтығы арқылы болондық жүйе мазмұнын байыта түсудің қайталанбас мүмкіндіктеріне ие.

2006 жылдың 15 маусымында Шанхайдағы ШЫҰ-ның мерейтойлық саммитінде Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Тараптар сонымен бірге ШЫҰ басқаруындағы Біртұтас білім беру орталығын құру мүмкіндігін қарастыра бастады. 2007 жылы Бішкектегі ШЫҰ саммитінде Ресей президенті В.В. Путин Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Университетін (ШЫҰУ) құру туралы бастама көтерді.

ШЫҰ Университеті дегеніміз не? ШЫҰ Университеті – елдердің негізгі базалық жоғары оқу орындарының жүйесі. Бұл дайындықтың бес бағыты экология, энергетика, IT-технология, аймақтану және нанотехнологиялар бойынша жұмыс істейтін 62 жоғары оқу орны.

Бұл бес бағыт, яғни экология, энергетика, IT-технология, аймақтану және нанотехнологиялар ШЫҰ кеңістігін талдау, еңбек және ШЫҰ елдері дамуында кездесетін проблемаларды талдау негізінде іріктеп алынған. Біршама өзекті ортақ мәселелер таңдап алынған. Еңбек нарығында қандай ортақ мамандықтардың сұранысқа ие екендігі сараланды. Осының нәтижесінде министрлер бүгінгі таңда аталмыш бес бағыттағы мамандықтар сұранысқа ие деген шешім қабылдады.

2008 жылдың 24 қазанында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Білім министрлері тарапынан Астанада қабылданған ШЫҰУ тұжырымдамасына сай [8]. «Университет ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердегі және бақылаушы мемлекеттердегі (Моңғолия, Үндістан, Иран, Пәкістан) қазіргі университеттердің жүйесі ретінде қызмет етуі керек». Онда ШЫҰУ құрудың мақсаттары, негізгі міндеттері анықталған. Белгіленген ШЫҰУ моделіне сай «Жоғары білікті кадрларды дайындау білім беру бағдарламасының төмендегі түрлері бойынша жүзеге асуы тиіс: тілдік дайындық курстар, бакалавриат (4 жыл); магистратура (2 жыл); екіжақты келісімдер арқылы қарастырылған аспирантура (3 жыл); докторантура (3 жыл); білік-

тілікті жоғарылату бағдарламалары, кәсіби қайта дайындау, қашықтықтан оқыту және күндізгі, сырттай білім беру бағдарламалар». ШЫҰ Университеті негізгі тілдер орналасқан елдің тілі немесе ШЫҰ ресми тілдері – орыс және қытай тілдері болады.

Сонымен бірге ШЫҰ Университетінде білім алу сызбанұсқасы анықталды. Бұл сызбанұсқаға сәйкес, «ШЫҰ Университетінің бағдарламасы бойынша оқитын студенттің өз білімін кез келген семестрден аталмыш бағдарламаны жүзеге асырушы негізгі шетелдік университетте жалғастыруға мүмкіндігі бар». Студент шетелдік серіктес жоғары оқу орнында бір семестрден кем білім алмауы керек. Студенттерді қабылдау ШЫҰ университеті бойынша анықталған университеттерге қабылдаудың өзара келісілген жеңілдіктері негізінде жүзеге асырылады. Білім алу қорытындысы бойынша студент өзі оқуды алғаш бастаған немесе оқу мерзімінің басым бөлігін өткізген жоғары оқу орнының дипломын және бастапқы кезеңде ШЫҰ Университеті сертификатын, кейінірек ШЫҰ Университетінің бірыңғай дипломын алады.

Бір жылдан кейін 2009 жылдың 28 қазанында Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы, үкіметтерінің арасында Шанхай ынтымақтастық ұйымы Университетінің құрылғандығы туралы келісімге Астанада қол қойылды.

2010 жылы 26 сәуірде Мәскеу қаласында Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы Университетінің құрылғандығы жөнінде жоғары оқу орындарының ынтымақтастығы туралы Меморандумға қол қойылды. Бұл жерде сөз жоғары білім берудің халықаралық интеграциясы туралы болып отыр. Осындай себептердің нәтижесінде білім беру ұлттық басым бағыттық категориядан әлемдік басымдық категориясына өтеді.

2010 жылы 28 сәуірде Мәскеу қаласында Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы басты жоғары оқу орындарының ректорлары, ұлттық білім министрліктер тарапынан ұсынылған жетекші жоғары оқу орындар бола отырып, Шанхай ынтымақтастық ұйымы Университетінің кәсіби білім берудің ЖОО жүйесіне өтетіндігі және Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерация-

сы және Тәжікстан Республикасы үкіметтерінің арасында Шанхай ынтымақтастық ұйымы Университетінің құрылғандығы туралы келісімде және ШЫҰ Университетінің Тұжырымдамасында көрсетілген ШЫҰ Университетінің негізгі принциптерін, мақсаттары мен міндеттерін және үлгісін сақтау міндеткерлігін алатындықтары туралы ШЫҰУ Хартиясына қол қойды [9].

Осылайша, ШЫҰ Университетінің халықаралық бағдарламалары аясында елдердің білім беру саласындағы ынтымақтастығы шынайы түрде кеңейе бастады. Барлық ЖОО бес бағыт бойынша магистрлік бағдарламаларды үйлестіру жолдарын келісті. Әрбір елдің осы бағыттарды тандаған барлық жоғары оқу орындар, пекиндік университеттердің, ресейлік жоғары оқу орындарының, қазақстандық жоғары оқу орындарының бағдарламаларының өзіндік түйткілдері бар екендігін түсінеді. Бірақ олар өзіндік түйткілдері бола тұра, білім берудің нәтижелерін қабылдауға келісті.

Қазақстанда ШЫҰ Университеті «Нанотехнологиялар», «Экология», «Энергетика», «IT-технологиялар», «Аймақтану» бағыттары бойынша инновациялық зерттеу университеттеріне трансформацияланған 15 жетекші ЖОО базасында жұмысын жүргізуде.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ШЫҰ-ға қатысушы базалық үйлестіруші ЖОО ретінде 2010 жылдың 26 сәуірінде Мәскеу қаласында Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы Шанхай ынтымақтастық ұйымы Университетінің құрылғандығы жөнінде жоғары оқу орындарының ынтымақтастығы туралы Меморандумға қол қойды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ШЫҰ кеңістігінде жұмыс істеуге қабілетті мамандардың жаңа буынын бірге дайындау туралы ШЫҰ елдерінің серіктес ЖОО-мен көпжақты және екіжақты келісімдерге келіп, қол қойып, жүзеге асыруды бастады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің көпжақты форматтағы ЖОО инновациялық білім беру жобаларын жандандыру және табысты түрде іске асыру үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бағдарламаның жобалануын, жіберілуін және іске асуын қамтитын Шанхай ынтымақтастық ұйымы Университетінің оқу орталығы құрылды.

ШЫҰУ шеңберіндегі магистрлік бағдарламаларды жүзеге асыру туралы келісімдер және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің серіктес ЖОО арасындағы ынтымақтастық туралы келісім шарттарға сай

ҚазҰУ магистранттарын 2011/2012 оқу жылының күзгі семестрінде Ресейдің ЖОО: «Экология» бағыты бойынша Ресейдің Халықтар достығы университетінде; «Аймақтану» бағыты бойынша Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетінде және т.б., сондай-ақ ҚХР ЖОО Солтүстік Шығыс университет (химия және биология), Ланьчжоу университеті (Экология), Синьцзян мұнай университеті және Солтүстік-Батыс техникалық университетінде оқуға жіберу туралы келісімге қол жеткізді.

Қазіргі таңда Шанхай ынтымақтастық ұйымы Университеті шеңберіндегі магистрлік бағдарламаларды жүзеге асыру туралы келісімге сай келіссөздерге тартылатын серіктес жоғары оқу орындарының саны артуда.

2011 жылдың 23-24 қыркүйегінде ҚХР батыс қытайлық Сиан қаласында ШЫҰ құрылуының 10 жылдығына орай, еуразиялық экономикалық форум-2011 өткізілді. Форум аясында «ШЫҰ Университеті – жоғары білім берудің инновациялық халықаралық платформасы» тақырыбында Білім берудегі ынтымақтастықтың еуразиялық мәжілісі өтті. Оған ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерінің білім министрліктерінің өкілдері, 50-ден астам қытайлық және шетелдік ЖОО ректорлары қатысты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы ШЫҰУ оқу орталығы Еуразиялық экономикалық форумның білім беру секциясының жұмысына қатысты.

Форумның ашылу салтанатында және секциялық отырыстарында қатысушылар (көптеген азиялық және еуропалық елдердің, соның ішінде ШЫҰ-ға мүше елдердің көсемдері, халықаралық ұйымдардың өкілдері, танымал ғалымдар) «Еуразиядағы инновациялық ынтымақтастық және трансформация мүмкіндіктерін бірлесіп пайдалану» тақырыбындағы форумның ағымдағы және басым бағыттағы мәселелерін талқылады. Еуразия аймағы үшін дәстүрлі және өзекті, экономикаға, экологиялық қауіпсіздікке қатысты мәселелермен қатар, секциялық отырыстарға білім беру саласындағы мүлдем жаңа мәселелер енгізілді, бұл – Еуразия елдері экономикасын дамыту үшін мамандар даярлайтын ШЫҰ Университетін ары қарай дамыту. Гуманитарлық өлшем Шанхай ынтымақтастығы ұйымы аумағының құрамдас бағытына айналды.

Сонымен, Шанхай ынтымақтастығы ұйымының қызметі дамуының қазіргі кезеңінде білім беру саласында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттері арасындағы әрекеттерді үйлестіру мәселесі айрықша маңызға ие болып отыр. РФ, Қытай, орталық азиялық мемлекеттердің гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының бар сала-

ларында білікті мамандар дайындаудағы қызметтерін үйлестіру қажеттілігі айқын. Болондық үрдіс шеңберінде жоғары мектептер жүйесін стандарттау бағытында дами отырып, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Қытайдың, Ресейдің, Қазақстанның және басқа елдердің дәстүрлі ұлттық білім беру модельдеріне сәйкес талаптар жиынтығы арқылы болондық жүйе мазмұнын байыта түсудің қайталанбас мүмкіндіктеріне ие. Өзара байланыс логикасы айқын – қарама-қарсы кою емес, керісінше, бірін-бірі толықтыру.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы Орталық Азия елдеріне өзара тиімді қатынастар үрдісі мен интеграциялық байланыстарға тек қауіпсіздік және трансшекаралық байланыстар тұрғысынан ғана емес, білім беру саласы мен социо-мәдени жобалар тұрғысынан қарауға мүмкіндік берді. Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымы Университеті халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялана отырып, өзінің потенциалы мен халықаралық деңгейдегі құзіреттіліктерге ие жоғары білікті мамандар дайындаудың инновациялық тұрғыда дайындаудың жинақталған тәжірибесін жүзеге асыруға дайын Қазақстан жоғары оқу орындарына тамаша мүмкіндіктер беріп отыр. Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымының Университеті халықаралық білім берудің жаңа моделін құруда.

1. Болонская декларация. Совместное заявление европейских министров образования. г. Болонья, 19 июня

1999 года // <http://www.inf.tsu.ru/Webdesign/bpros.nsf/news/010920051>

2. Vesti.kz. – 2010 жыл 12 наурыз.

3. Путин В.В. ШОС – новая модель успешного международного сотрудничества // <http://www.rg.ru/2006/06/14/putin-shos.html>.

4. Сонда.

5. Комиссина И.Н., Куртов А.А. Шанхайская организация сотрудничества К.А. Кокарев // Россия в Азии: проблемы взаимодействия: сборник статей. – М.: Изд-во Российского института стратегических исследований, 2006. – С. 251.

6. Дмитриев И. Один – за всех и шесть – за одного. Страны ШОС вырабатывают принципы взаимодействия // Российская газета. – 23 августа 2007 года.

7. Хартия шанхайской организации сотрудничества // <http://www.sco2011.kz/shos/hartr.php>

8. Концепция УШОС // <http://www.kaznu.kz/ru/3538/page>

9. Хартия УШОС // <http://www.kaznu.kz/ru/3538/page>

\* \*\*

В статье рассматривается процесс модернизации высшего образования в рамках интеграционных проектов ШОС. В настоящее время все более уверенно в рамках ШОС заявляет о себе гуманитарное измерение. Интеграция научных потенциалов закономерно способствует развитию инновационных технологий во всех сферах жизни обществ стран-членов ШОС.

\*\*\*

The article deals with the improvement of higher education within the framework of the SCO integration projects. At present, more and more confident in the SCO declares himself the humanitarian dimension. Integration of research capacities regularly contributes to the development of innovative technologies in all spheres of the societies of the SCO member states.

*А. Р. Әлімбаев*

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІССӨЗДЕР ҮРДІСІНІҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ АСТАРЫ

Әлем жаңа даму сатысына көшкен сайын әлемнің саяси бейнесі де өзгерістерге түсіп жататындығы ақиқат. Соған орай мемлекетаралық қарым-қатынастардың жаңа деңгейі қалыптасады. Яғни, халықаралық қатынастар жүйесі енді жаңа қағидалар мен жаңа саяси байланыстар ережесін негізге алады. Сол ретте келіссөздер ежелден халықаралық байланыстың дәстүрлі түрі ретінде болып келсе, бүгінгі күні келіссөздер заманауи ақпараттық технологияларсыз мүмкін емес.

Дегенмен біздің санамыз әлі де бұрынғы келіссөздерді көз алдымызға елестетеді, тек заманның жаңа даму сатысы келіссөздер жүргізу

үрдісіне өзіндік түзетулерін енгізуде. Жаңа технологиялық дамудың нәтижесінде мемлекетаралық саяси бақталастық пен бәсекелестіктің де түрлері мен тәсілдері өзгеріске ұшырады. Бұл өз кезегінде келіссөздер жүргізу тәсілдеріне тікелей әсер етті.

Ежелгі кезеңнен келіссөз сөзі латындық *negotians* – саудагер сөзімен етене жақын. Алғашқы шығу мәні де саудагерлік қызметімен тікелей байланысты болған. Шын мәнінде, «келіссөз» ұғымы саясатқа әлдеқайда кейінірек енді, бас кезінде күнделікті өмірде және экономикада, тіпті адамзат өркениетінің басталу сәтінде